

Бекітемін

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігінің

«Күләш Байсейітова атындағы

дарынды балаларға арналған

РММОМИ» РММ директоры



04.01.2023 т. № 20

Абдрашев Б.Т.

« _____ » 2023 ж.

Аттестаттау комиссиясы туралы

ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ-нің (бұдан әрі – мектеп-интернат) аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) туралы ішкі нормативтік акті болып табылады.

1.2. Қосымша комиссияға жұмыскерлердің еңбек өтілін есептеу, жұмысқа қабылдау кезінде олардың біліктілігін бағалау, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында («Қазақстан Республикасы» - бұдан әрі – ҚР) белгіленген үстемеақыларды жалақымен төлеу функциялары беріледі.

1.3. Қазақстан Республикасының 23.11.2015ж. Еңбек кодексі, «Білім туралы» 27.07.2007ж. және «Педагог мәртебесі» туралы 27.12.2019ж. Заңдары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 14 маусымдағы № 302 бұйрығымен бекітілген «Білім ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын есептеу ережесі» (бұдан әрі – Еңбек өтілін есептеу ережесі), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» (бұдан әрі – Аттестаттау қағидалары), «Педагог» кәсіптік стандарты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы және ҚР басқа да құқықтық нормативтік актілері негізінде әзірленді.

1.4. Комиссия мектеп-интернат директорының бұйрығымен құрылып, құрамы бекітіледі.

1.5. Комиссия құрамына кемінде 10 жыл жұмыс өтілі «педагог-зерттеуші» немесе «педагог-шебер» біліктілік санаттары бар педагогтер, педагогикалық және өзге де қызметкерлер орындайтын қызметтің сапасын бақылау, талдау құзыреті мен функциялары бар құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мектептің «Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қоғамдық кеңесінің төрағасы немесе өкілі, «Ұстаз» бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы, мектеп-интернаттың кадрлар жөніндегі инспекторы кіреді.

1.6. Комиссия 1 жыл мерзіміне тағайындалады.

1.7. Төраға комиссия отырысын шақырады. Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

1.8. Комиссия шешімдері отырысқа қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Комиссияның шешімі Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді және оған отырысқа төрағалық етуші мен Комиссия хатшысы қол қояды.

Комиссия шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

1.9. Комиссия төрағасы комиссияға басшылық етеді, отырыста дауыс беру кезінде дауыстар тең болғанда шешуші дауыс беруге құқығы бар, отырыстың күнін белгілеп, күн тәртібін бекітеді, төрағаның орынбасарына, хатшыға және Комиссия мүшелеріне Комиссия құзыретінің мәселелері бойынша орындауға міндетті тапсырмалар береді, Комиссия отырысының хаттамасына қол қояды.

1.10. Комиссия төрағасының орынбасары Комиссия төрағасының тапсырмаларын орындайды, ол болмаған кезде Комиссия төрағасының міндеттерін атқарады, Комиссия отырысында қарау үшін материалдардың уақтылы дайындалуыны бақылауды қамтамасыз етеді.

1.11. Комиссия хатшысы отырыста қарау үшін материалдар дайындайды, төрағаның және оның орынбасарының тапсырмаларын орындайды, комиссияның іс қағаздарын жүргізеді, комиссия мүшелеріне отырыстың уақыты мен орны туралы хабарлайды, олардың келуін тексереді, Комиссияның қарауына шығарылған материалдармен таныстырады, Комиссия отырысының хаттамасын ресімдейді және оған қол қояды.

Комиссия хатшысы болмаған кезде оның функцияларын Комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша Комиссияның басқа мүшесі орындайды.

1.12. Комиссия мүшелері Комиссия отырысына және оны дайындауға қатысады, қарауға шығарылған материалдармен танысады, қосымша материалдарды сұрату туралы ұсыныстар енгізеді, комиссия отырысында қаралатын мәселелерді талқылауға және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге қатысады, Комиссия төрағасының тапсырмаларын орындайды.

2. Комиссияның функциялары мен өкілеттіктері

2.1. Комиссия төмендегі негізгі функцияларды орындайды:

2.1.1. Мектеп-интернатта «педагог-тағылымдамашы», «педагог» біліктілік санаттары үшін аттестаттау өткізеді.

2.1.2. Тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен, педагогикалық қызметке алғаш рет кіріскен, сондай-ақ, білім беру ұйымдарында педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына орналасуға конкурс жарияланғанға дейін соңғы бес жыл ішінде педагогикалық (оқытушылық) қызметті жүзеге асырмаған, Ұлттық біліктілік тестілеуінен табысты өткен тұлғаларға «педагог-тағылымдамашы» біліктілік санатын береді.

2.1.3. Педагог-тағылымдамашыға бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіледі.

2.1.4. Педагог кәсібіне кіріспе бағдарламаны аяқтау қорытындылары және педагог-тәлімгердің оң ұсынымы бойынша мектеп-интернаттың аттестаттау комиссиясы педагог-тағылымдамашыға «педагог» біліктілік санатын беру туралы шешім шығарады.

2.1.5. Тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен, «педагог-тағылымдамашы» санатына қойылатын талаптарға сәйкес келетін және тиісті бейін бойынша кемінде 1 жыл педагогикалық өтілі бар адамдарға және Аттестаттау қағидаларында көрсетілген, №338 бұйрыққа сәйкес біліктілік талаптарына, кәсіптік стандартқа сәйкес келетін және белгілі кәсіби құзыреттіктерге жауап беретін тұлғаларға «педагог» біліктілік санатын береді.

2.1.6. Мектеп-интернаттың педагогтеріне біліктілік бағалау жүргізеді және құжаттардың аттестаттау қағидаларында көрсетілген құжаттар тізбесіне сәйкестігін қарайды:

- өтініш;
- білім туралы диплом;
- қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса);
- жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат.

Бұл ретте, төмендегі құжаттар (бар болса) тексерілуі мүмкін:

- біліктілік санатын беру туралы куәлік пен бұйрық;
- ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы құжат, эссе;
- кәсіби жетістіктерді растайтын;
- тәжірибені жинақтау туралы;

- бақылау парақтарымен және сабақты талдаумен сабақтардың бейнежазбалары;

- мектеп-интернаттың педагогикалық кеңесінің хаттамасынан үзінді.

2.1.7. Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына жіберу үшін аттестаттаудан өтуге кандидаттардың тізімдік құрамын бекітеді.

2.1.8. ПББ тапсыру үшін педагогтің дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкестігіне және Аттестаттау қағидаларының қосымшасында көзделген нысан бойынша берген кандидаттың өтінішін қарайды

2.2. НҚА сәйкес критерийлер бойынша біліктілік санатын беруге (растауға) мектеп – интернат педагогі – кандидаттың портфолиосына бағалау жүргізеді.

2.3. Қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде, сондай-ақ аттестаттаудан өту, лауазымдық жалақының мөлшерін есептеу кезінде педагогке және мектеп-интернат қызметкерлерінің басқа да санаттарына мамандығы бойынша күнтізбелік жұмыс өтілін есептейді.

2.4. «Педагог» кәсіптік стандарты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес және осы салада жинақталған тәжірибесіне қарай қызметкердің біліктілік деңгейін, құзыреттерін, кәсіби білімін, сабақ беру (оқыту, тәрбиелеу) нәтижелерін бағалайды.

2.5. Жұмысқа орналасуға кандидатпен еңбек шартын жасасуға тыйымдар мен шектеулердің бар-жоғын тексереді:

- медициналық қорытынды негізінде адамның денсаулық жағдайы бойынша жұмысты орындауға қарсы көрсетілімдері;

- заңды күшіне енген сот үкіміне сәйкес белгілі бір лауазымды атқаруға немесе белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салу;

- жұмыс беруші шетелдік жұмыс күшін тартуға жергілікті атқарушы органның рұқсатын алғанға дейін Қазақстан аумағында уақытша болатын шетелдіктермен және азаматтығы жоқ адамдармен (ЕАС: Ресей, Қырғызстан, Беларусь және Армения азаматтарын қоспағанда, олар үшін көрсетілген рұқсат талап етілмейді) ;

- белгілі бір қылмыстар жасағаны үшін алынбаған соттылығы;

- нормативтік құқықтық актілерде көзделген басқа да шектеулер.

2.6. Комиссия өкілетті:

2.6.1. Төмендегі құжаттардың түпнұсқалығын тексеруге:

1) еңбек кітапшасын;

2) күні және тоқтату негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шартын;

3) еңбек шартын жасасу және бұзу негізінде еңбек қатынастарының туындағанын және тоқтатылғанын растайтын жұмыс берушінің актісінен куәландырылған үзінді көшірме;

4) жұмыскерлерге жалақы беру ведомосынан үзінді көшірмелер;

5) жұмыс беруші қол қойған, ұйымның немесе нотариалдық куәландырылған қызметтік тізім (қызметкердің жұмысы туралы мәліметтер тізбесі);

6) жұмыскердің еңбек қызметі туралы архивтік анықтама.

2.6.2. Инстанцияларда жұмыс өтілін есептеудің негізділігін растайтын материалдар мен құжаттарды сұратып алу;

2.6.3. Қызметкердің құжаттарындағы мән-жайлардың дұрыстығы мен сәйкестігі тұрғысынан мектеп-интернат жұмыскерлерін тыңдау.

2.7. Қызметкерге педагогикалық жұмыс өтілі дұрыс есептелгенін қарайды (орын алған жағдайда):

2.7.1. Педагогикалық жұмыс:

- жалпы білім беретін мектептердегі, лицейлердегі (мектеп-лицейлер), гимназиялардағы (мектеп-гимназиялар), мамандандырылған, шағын жинақты, кешкі (ауысымдық) және сырттай мектептердегі, сырттай бөлімдердегі, санаториялық мектептердегі және мектеп-интернаттардағы, музыкант тәрбиеленушілер мектептеріндегі;

- музыкалық және көркемсурет мектептері мен мектеп-интернаттарындағы;

- барлық түрдегі және атаудағы мектепке дейінгі ұйымдардағы (балабақшалар, бөбекбақшалар, бөбекжайлар, мектепке дейінгі шағын орталықтар);

- біліктілікті арттыру курстарын іске асыратын ұйымдардағы;

- жоғары оқу орындарындағы;

- білім беруді басқару органдары мен білім беру ұйымдарына басшылықты жүзеге асыратын органдардағы;

- Еңбек өтілін есептеу ережесінде көрсетілген жағдайларда педагогикалық жұмыс өтілге есептелетін басқа да ұйымдардағы.

2.7.2. Педагогикалық қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдардың педагогикалық жұмыс өтіліне белгілі бір уақыт кезеңінің алдында және одан кейін негізгі жұмыс орны бойынша тікелей педагогикалық қызметпен жалғасқан болса, ондай уақыт кезеңдерін (егер бар болса) есептеу шарттары сақталғанын қарайды, атап айтқанда

- педагогикалық қоғамдар мен балалар қорының басқармаларында нұсқаушы және әдістемелік лауазымдарда жұмыс істеу уақыты;

- жүктілік және босану бойынша демалыс уақыты, сондай-ақ еңбек заңнамасына сәйкес берілген бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс уақыты;

- егер оқудан бұрын білім беру ұйымында жұмыс істесе және оқудан кейін білім беру ұйымына оралса, кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында жолдама бойынша оқу уақыты;

- еңбек өтілін есептеу ережелерінде көрсетілген басқа уақыт.

- жүктілікке және босануына байланысты демалыс уақыты, сондай-ақ еңбек заңнамасына сәйкес бала күту үшін берілген ақысыз қосымша демалыс уақыты;

- егер оқуға дейін білім беру ұйымында қызмет істеген болса және оқудан кейін білім беру ұйымына қайта оралған болса, өндірістен қол үзіп жолдама бойынша кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарындағы оқу уақыты;

- Еңбек өтілін есептеу ережесінде көрсетілген басқа да уақыт.

2.7.3. Еңбек өтілін есептеу ережелеріне сәйкес мектеп-интернат жұмыскерлерінің педагогикалық өтіліне білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оқытушылары, кітапханашылар, арнайы пәндер оқытушылары, сондай-ақ мәдениет және өнер оқу орындарының, педагогикалық, музыкалық-педагогикалық, көркемсурет-графикалық колледждердің (бөлімшелердің), музыкалық және көркемсурет бөлімшелерінің педагогтері болып жұмыс істеген уақыттың және Еңбек өтілін есептеу ережелерінде көрсетілген басқа да уақыттың негізді есептелгенін қарайды.

2.8. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес төмендегі атақтары мен дәрежелері бар жұмыскерлерге қосымша ақы төлеу негіздемесінгі толықтығын және дер кездігін талқылайды:

2.8.1 Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының "Халық" деген құрметті атағы және республиканың құрметті атақтары;

2.8.2. Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының "Еңбек сіңірген" құрметті атағы және республиканың құрметті;

2.8.3. Ғылым кандидаты,

2.8.4. Философия докторы (PhD);

2.8.5. Бейіні бойынша доктор;

2.8.6. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесі.

3. Қорытынды ережелер


3.1. Осы Ереже мектеп-интернаттың директоры бекіткен кезден бастап қолданылады. Осындай тәртіппен осы Ереженің мәтініне өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

3.2. Осы Ережемен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алғынады.

3.3. Комиссия шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

3.4. Осы Ережеде жұмыскерлерге сыйақы және лауазымдық жалақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеуге байланысты даулы және реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

Әзірлеуші:			
№	Қызметкердің аты-жөні	лауазымы	ҚОЛЫ
1.	Болсамбеков Нияз Абдықадырович	Мектеп-интернаттың зеңгері	
Келісілген:			
№	Қызметкердің аты-жөні	лауазымы	ҚОЛЫ
1.	Кошкарбаева Алия Рахымжановна	«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	

		жөніндегі қоғамдық кеңестің төрайымы	
2.	Мусрепова Меруерт Сейсеновна	Директордың оқу жөніндегі орынбасары	
3.	Сурапбергенова Светлана Алмабаевна	Директордың музыка жөніндегі орынбасары	
4.	Жаманкулов Аймырза Тлектесович	Директордың оқу тәрбие жөніндегі орынбасары	
5.	Касенова Раушан Серикболсыновна	Кадр мәселелері жөніндегі инспектор	
6.	Малтабарова Лаззат Бегайдаровна	«Ұстаз» бастауыш кәсіподақ қйымының төрайымы	